

Ертіс ауылдық округінің Мұқыр және Мұрат ауылдарының көшелерін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы Ертіс ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 23 сәуірде № 8669 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 –бабына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысы ономастикалық комиссиясының 2018 жылғы 15 маусымдағы қорытындысы негізінде, халықтың пікірін ескере отырып, Ертіс ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Мұқыр ауылында келесі көшелері қайта аталсын:

"Коммунистическая" көшесі "Еңбекші" көшесі болып;

"Советская" көшесі "Атамұра" көшесі болып;

"Комсомольская" көшесі "Ынтымақ" көшесі болып;

"Пролетарская" көшесі "Алаш" көшесі болып.

Мұрат ауылында "Советская" көшесі "Достық" көшесі болып қайта аталсын.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы Ертіс ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің Семей қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолданылуын;

3) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Семей қаласы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Х. Сейтхасимов